

Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 19-5/293 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 қарашада № 12235 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 13 тамыздағы № 197-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 13.08.2025 № 197-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 7-2) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 11 қыркүйектегі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 5 қазандағы

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 4 тамыздағы

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 31 наурыздағы
№ 19-5/293 бұйрығымен
бекітілген

Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын (бұдан әрі - су шаруашылығы құрылыстары) кейіннен сатып алу құқығынсыз жалға және сенімгерлік басқаруға беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жалға алушы - Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

2) жалға беруші - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар;

3) кепілдік жарнасы - тендерге қатысу үшін жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға енгізетін ақшалай сома;

4) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мүлікті қоспағанда, республикалық мүлікті басқару, мемлекеттің республикалық мүлікке құқығын іске асыру, экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншікті және стратегиялық объектілерді жекешелендіру мен мемлекеттік мониторинг жүргізу саласындағы басшылықты өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) сенімгерлік басқару құрылтайшысы - республикалық меншікке өкілдік ететін уәкілетті мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган;

6) сенімгерлік басқарушы - мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысымен сенімгерлік басқару шартын жасасқан жеке тұлғалар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

7) су шаруашылығы құрылыстары - су ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуын реттеу, сумен жабдықтау, су бұру және судың зиянды әсерін жою мақсатында жасанды түрде құрылған гидротехникалық құрылыстар мен қондырғылар;

8) тендер - жалға беруші немесе сенімгерлік басқару құрылтайшысы үшін ең үздік шарт талаптарын ұсынған тендерге қатысушылардың бірімен олар қабылдаған бастапқы шарттарының негізінде жалға беруші немесе сенімгерлік басқарушы шарт жасасуға міндеттенетін су шаруашылығы құрылыстарын жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі сауда-саттық нысаны;

9) тендерлік комиссия - жалға беруші немесе сенімгерлік басқару құрылтайшысы су шаруашылығы құрылыстарын жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендерді ұйымдастыру және өткізу үшін құрған комиссия;

10) тендерге қатысушы - тендерге қатысуға жіберілген жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға;

11) тендер жеңімпазы - тендерлік комиссияның қорытындысы бойынша ең жақсы шарттарды ұсынған тендерге қатысушы;

12) теңгерімде ұстаушы - су шаруашылығы құрылысы жедел басқару немесе шаруашылық жүргізу құқығында бекітіліп берілген мемлекеттік заңды тұлға;

13) уәкілетті орган - елді мекендер шегінен тыс жерлерде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

14) шарт - жалға беруші мен жалға алушы немесе сенімгерлік басқару құрылтайшысы мен сенімгерлік басқарушы арасында жасалған су шаруашылығы құрылысын жалға алу немесе сенімгерлік басқару шарты.

3. Су шаруашылығы құрылыстары су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану мерзімдеріне қарай оларды амортизациялау нормаларын ескере отырып, уәкілетті органмен келісім бойынша бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге жалға немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.

4. Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру тендерлер өткізу жолымен жүзеге асырылады.

5. Оларды әрі қарай нысаналы мақсаты бойынша пайдалану су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға берудің міндетті шарты болып табылады.

Су шаруашылығы құрылыстарын нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбау жалға берушінің немесе сенімгерлік басқару құрылтайшысының шешімі бойынша жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру шартын бұзу үшін негіз болып табылады.

Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру кезінде, технологиялық циклдың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талап белгіленеді.

2. Су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру тәртібі

6. Су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру өтеулі негізде жүзеге асырылады.

Су шаруашылығы құрылыстары бойынша жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемелерін теңгерімде ұстаушы баланстық құнды, белгіленген жұмыс режимін, су шаруашылығы құрылыстарын қауіпсіз ұстау және пайдалану қағидалары мен талаптарын, су ресурстарын пайдалануға төлем мөлшерін есепке ала отырып айқындайды және бекітеді:

республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары бойынша уәкілетті органмен, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен, табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомстволарымен келісім бойынша;

аудандық және облыстық коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары бойынша - жергілікті атқарушы органдармен, табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен және уәкілетті орган ведомствосының өңірлік бөлімшелерімен келісім бойынша айқындайды және бекітеді.

7. Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын жалға беруші болып мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган әрекет етеді, облыстық және аудандық коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын жалға беруші болып жергілікті атқарушы органдар әрекет етеді.

8. Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру бойынша тендер өткізу туралы шешімді уәкілетті органның және табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомстволарымен келісім бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қабылдайды.

9. Облыстық және аудандық коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру бойынша тендер өткізу туралы шешімді табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын, уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен

және уәкілетті органның өңірлік бөлімшелерімен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

10. Жалға беруші тендерді ұйымдастырушы болып табылады.

1-параграф. Тендер өткізуге дайындық

11. Жалға беруші тендерге дайындалу және оны өткізу кезінде:

- 1) тендер комиссиясын қалыптастырады;
- 2) тендер өткізу мерзімдерін айқындайды;
- 3) тендер құжаттамасын дайындайды;
- 4) тендер өткізу туралы хабарламаны жариялайды;
- 5) шарт жобасын дайындауды жүзеге асырады;
- 6) кепілдік жарналарын қабылдайды;

7) тендер жеңімпаздарымен шарт жасасады және оның талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

8) тендерлік комиссия отырысының хаттамаларына қол қояды;

9) тендер жеңімпазымен шарт жасасуды қамтамасыз етеді;

10) осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тендер аяқталғаннан кейін тендерге қатысушыларға кепілдік жарналарын қайтарады;

11) осы Қағидаларда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12. Тендерлік құжаттама мыналарды:

- 1) нысаналы мақсаты көрсетілген тендер объектісі туралы мәліметтерді;
- 2) өтінімнің және онымен бірге ұсынылатын құжаттардың мазмұны бойынша талаптарды;
- 3) тендер талаптарын;
- 4) тендер өткізу тәртібін;
- 5) шарт жобасын қамтуы тиіс.

13. Тендерлік комиссия құрамына:

республикалық меншік объектілері бойынша жалға берушінің, уәкілетті органның және табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомстволарының, теңгерімде ұстаушының және өзге мүдделі ұйымдардың өкілдері;

аудандық және облыстық коммуналдық меншік объектілері бойынша жалға берушінің, табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен, уәкілетті орган ведомствосының өңірлік бөлімшелерінің, теңгерімде ұстаушының және өзге мүдделі ұйымдардың өкілдері енеді.

Тендерлік комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрайды. Жалға берушінің өкілі комиссия төрағасы болып табылады.

Комиссияның құрамын жалға беруші бекітеді.

Тендерлік комиссия хатшысы жалға берушінің өкілі болып табылады және комиссия мүшесі болып табылмайды. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерді ұйымдастыру және оны өткізу үшін қажетті құжаттарды дайындайды және тендерлік комиссия хаттамасын ресімдейді.

14. Тендерлік комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жалға беруші белгілеген мерзімде және ол ұсынған объекті туралы деректердің негізінде негізгілері жалға беру төлемінің есептелген бастапқы мөлшерлемесі және объектіні пайдалануды ұйымдастыру және су беру жөніндегі қызметтер көрсету бойынша бизнес-жоспар болып табылатын тендердің шарттарын әзірлейді;

2) тендер өткізеді;

3) тендер жеңімпазын хабарлайды.

15. Жалға беруші тендер өткізу туралы хабарламаның мерзімді баспа басылымында, интернет-ресурста тендер өткізілгенге дейін күнтізбелік он бес күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануын қамтамасыз етеді.

16. Тендер өткізу туралы хабарлама мынадай мәліметтерді:

1) жалға берушінің атауын;

2) тендер өткізу шарттарын;

3) тендер объектісінің қысқаша сипаттамасын;

4) тендер өткізу күнін, уақытын;

5) тендерге қатысуға өтінімді қабылдау мерзімдерін;

6) жалға алу мерзімін және жалдау төлемінің бастапқы мөлшерлемесінің мөлшерін;

7) кепілдік жарнасының мөлшерін, мерзімі мен оны енгізу үшін банк деректемелерін;

8) тендерге қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесін;

9) шарт жасау мерзімін;

10) тендер объектісімен танысу мекенжайын, мерзімдерін және шарттарын қамтиды.

2-параграф. Тендерді өткізу

17. Тендер қатысушыларын тіркеу тендер өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер өткізілгенге дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.

18. Тендер өткізу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін жалға беруші барлық ниет білдіргендерге тендер өткізу объектілері мен шарттары туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

19. Тендерге қатысу үшін тендерге қатысушы келесі құжаттарды қоса отырып осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда су шаруашылығы құрылысын жалға беру бойынша тендерге қатысуға өтінімді ұсынады:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (жеке кәсіпкер үшін), тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасы;

2) заңды тұлғалар үшін: жарғының көшірмесін (бар болған кезде), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы немесе анықтама көшірмесі;

3) кепілдік жарнасының жалға берушінің депозиттік шотына аударылғанын растайтын төлем анықтама көшірмесі;

4) салық берешегінің жоқ екендігі туралы анықтама;

5) жеке жабылған конвертте берілетін тендерлік және бағалық ұсыныс, бизнес-жоспар.

20. Тендер қатысушылары тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімдерде және тәртіппен, жалға берушінің депозиттік шотына кепілдік жарнасын енгізеді.

Кепілдік жарнасының мөлшері хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертілмейді.

21. Кепілдік жарнасы тендер жеңімпазының мынадай:

1) тендерде жеңіске жеткен жағдайда, тендердің нәтижелері туралы хаттамаға қол қою;

2) тендер нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес шарт жасасу міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылады.

22. Кепілдік жарнасы 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Кодекс) 915-бабы 6-тармағында қарастырылған жағдайларда қайтарылмайды.

Осы Қағидалардың 37-тармағын қоспағанда, қалған барлық жағдайларда кепілдік жарналары осы қатысушының деректемелерін көрсете отырып, тендерге қатысушы берген кепілдік жарнасын қайтару туралы өтінім берілген күннен бастап он жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде қайтарылады. Қатысушылардың кепілдік жарналарын қайтару туралы өтінімдері жалға берушінің шотына жарналар түскеннен кейін қабылданады.

23. Тендер комиссиясы тендердің шарттарын өзгерткен жағдайда, барлық өзгерістер туралы хабарлама тендерді өткізгенге дейінгі күнтізбелік бес күн бұрын мерзімді интернет-ресурста, баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

Тендер шарттарының өзгертілгені туралы хабарлама жарияланғанға дейін тендерге қатысуға өтінім берген және осыған байланысты тендерге қатысудан бас тартқан адамдарға жазбаша өтінім негізінде кепілдік жарнасы қайтарылады.

24. Бір кепілдік жарнасы бір объектінің тендеріне қатысуға мүмкіндік береді.

25. Тендерге қатысушылар:

1) тендерге өзі немесе тиісті түрде ресімделген сенімхаттың негізінде өзінің өкілдері арқылы қатысады;

2) тендерге шығарылатын объекті бойынша қосымша мәліметтерді, нақтылауларды алады;

3) объектіні алдын ала қарап тексереді;

4) құқықтары бұзылған кезде сотқа жүгінеді;

5) тендер басталғанға дейін кемінде үш күн бұрын бұл туралы жалға берушіге жазбаша хабарлап, өзінің қатысуға берген өтінімін қайтарып алады.

26. Егер өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған сәтте бір ғана өтінім тіркелген болса (екінші және одан кейінгі тендерлерді қоспағанда), тендер комиссиясы тендерді өтпеді деп таниды. Өткізілмеген тендер туралы шешім еркін үлгідегі хаттамамен ресімделеді.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған сәтте кемінде бір өтінім тіркелген болса, екінші және одан кейінгі тендерлер өтті деп танылады.

Егер тендер өтпеді деп жарияланса, тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ашу жүргізілмейді.

27. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген күн мен уақыттың басталған кезде жүргізіледі.

28. Тендерге қатысуға өтінімдерді тендер комиссиясының мүшелері тендерді өткізу туралы хабарламада көрсетілген қатысушыларға (жалға алушыларға) қойылатын талаптарға сәйкес келетін тендер қатысушыларын анықтау мақсатында қаралады.

29. Тендерді өткізу кезінде комиссия тендерлік құжаттамада қамтылған барлық талаптарға сай келетін, объектіге жалдау төлемақысының ең жоғарғы сомасымен, су беру бойынша қызметтер және объектіні пайдалануды ұйымдастыру бойынша ең жақсы шарттарды ұсынған тендерге қатысушыны тендер жеңімпазы деп жариялайды.

Тендерге қатысушылар ұсынған объектіні пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі, су беру жөніндегі қызметтердің талаптары, жалдау төлемақысының сомасы сәйкес (тең) болған жағдайда, тендер комиссиясының шешімі бойынша тендерге қатысу туралы өтінімді ерте тіркеген қатысушы жеңімпаз болып танылады.

3-параграф. Тендер нәтижелерін ресімдеу

30. Тендерлік комиссияның тендер жеңімпазын айқындайтын қорытындысы немесе тендер қорытындысы бойынша өзге шешім осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес су шаруашылығы құрылысын сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендер нәтижелері туралы хаттамамен ресімделеді.

31. Тендер нәтижелері туралы хаттамаға тендерлік комиссиясының барлық мүшелері және жеңімпаз тендерге қатысуға өтінімді ашу күнінен он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қояды.

32. Тендер нәтижелері туралы хаттама тендердің нәтижесі болып табылатын тендер нәтижелерін және тендер жеңімпазы мен жалға берушінің шартқа қол қою міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

33. Жеңімпаз жалға берушіге шартқа қол қою кезінде көрсетілген құжаттардың, оның ішінде тендерге қатысу өтініміне тіркелген құжаттардың түпнұсқаларын салыстырып тексеру үшін ұсынады:

1) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы немесе куәлікті, жарғыны;

2) жеке тұлғалар үшін: жеке басын куәландыратын құжат, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (жеке кәсіпкерлер үшін);

3) заңды тұлғаның өкілі үшін: жеке басын куәландыратын құжат және заңды тұлға өкілінің өкілеттілігін куәландыратын құжат.

34. Тендердің нәтижелері туралы хаттаманың негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 211 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықық актілер тіркеу тізілімінде № 10479 болып тіркелген) мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (жалға берудің) үлгілік шартына сәйкес жеңімпаздың ұсыныстарына сай келетін талаптарда жеңімпазбен шарт жасалады.

Жалға берушінің басшысы не оның міндетін атқарушы адам тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жеңімпазбен шарт жасайды.

35. Тендер жеңімпазы шартқа белгіленген мерзімде қол қоймаса, жалға беруші үш жұмыс күн ішінде тендерге қалған қатысушылар қатарынан осы Қағидалардың 29-тармағының талаптарына сай келетін жеңімпазды айқындайды, ал қалған тендер қатысушыларының саны екіден кем болса жаңадан тендер өткізу туралы шешім қабылдайды.

36. Су шаруашылығын жалға беру шарты мемлекеттік тіркеуге жатады.

Шарттарды мемлекеттік тіркеу жалға алушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

37. Жеңімпазға енгізілген кепілдік жарнасының сомасы жасалған шарт бойынша тендер объектісін пайдаланғаны үшін төлем есебіне жатқызылады.

4-параграф. Қабылдау-тапсыру актісі бойынша объектіні беру

38. Шартқа қол қойылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде, теңгерімде ұстаушы объектіні жалға алушыға жалға беруші бекітетін қабылдау-тапсыру актісі бойынша береді.

39. Қабылдау-тапсыру актісінде мыналар көрсетіледі:

- 1) акт жасалған орны мен күні;
- 2) өкілдері оларға сәйкес тараптардың мүдделерін білдіруге уәкілетті құжаттардың атауы мен деректемелері;
- 3) объектіні беру жүргізілетін шарттың нөмірі мен қол қойылған күні;
- 4) берілетін объектінің атауы, оның орналасқан жері, анықталған ақаулардың тізбесімен бірге оның техникалық сипаттамасы мен жай-күйі.

40. Қабылдау-тапсыру актісіне тараптардың өкілдері қол қояды және мөрлермен бекітіледі.

41. Қабылдау-тапсыру актісі мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалады, оның біреуі жалға берушіде, біреуі теңгерімде ұстаушыда сақталады және біреуі жалға алушыға беріледі.

3. Су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беру

42. Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беру республикалық меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша уәкілетті органның ұсынысы және табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосының келісімі негізінде жүзеге асырылады.

Облыстық және аудандық коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беру табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен және уәкілетті орган ведомствосының өңірлік бөлімшелерінің келісімі негізінде жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

43. Тендер өткізуге арналған тендерлік комиссияларды:

республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары бойынша - республикалық меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік орган;

облыстық және аудандық коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары бойынша - жергілікті атқарушы органдар.

44. Тендерлік комиссияның құрамына республикалық меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органның немесе коммуналдық меншікке билік етуге уәкілетті жергілікті атқарушы органдардың, уәкілетті органның және табиғи

монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомстволарымен, теңгерімде ұстаушының , сондай-ақ басқа да мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері енгізіледі.

45. Уәкілетті орган сенімгерлік басқару құрылтайшысына сенімгерлік басқару мерзімін қоса алғанда су шаруашылығы құрылысының сипаттамасын, баланстық құн туралы мәліметтерді және тендер шарттарын белгілеу туралы, ұсынысты береді.

46. Республикалық меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органның немесе коммуналдық меншікке билік етуге уәкілетті жергілікті атқарушы органдардың өкілі тендер комиссиясының төрағасы болып табылады.

47. Тендер комиссиясы:

- 1) өз жұмысының регламентін әзірлейді және бекітеді;
- 2) тендер өткізу күні туралы шешім қабылдайды;
- 3) тендер шарттары мен жеңімпазды таңдауға арналған критерийлерді айқындайды;
- 4) кепілдік жарнасының мөлшерін айқындайды;
- 5) тендер өткізу туралы хабарлама жариялауды жүзеге асырады;
- 6) тендер өткізеді;
- 7) тендер жеңімпазын айқындайды.

48. Кепілдік жарнасы Кодексінің 915-бабы 6-тармағында қарастырылған жағдайларда қайтарылмайды.

49. Егер тендер комиссиясының отырыстарына комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып табылады. Тендер комиссиясының шешімдері қатысушы комиссия мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады, ал дауыс тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

50. Су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беруге тендер өткізу туралы ақпараттық хабарлама мемлекеттік және орыс тілдерінде мерзімді баспа басылымында, интернет-ресурста тендер өткізу жарияланатын күнге дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей жарияланады және оған мынадай мәліметтер кіреді:

- 1) тендер шарттары мен жеңімпазды таңдау критерийлері;
- 2) тендер объектісінің сипаттамасы;
- 3) тендер өткізу күні, уақыты мен орны;
- 4) тендерге қатысуға өтінімдер қабылдау мерзімдері;
- 5) тендерге қатысуды ресімдеу тәртібі;

6) кепілдік жарнасының мөлшері мен оны енгізу үшін банк деректемелері (кепілдік жарнасының мөлшері ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертіле алмайды).

51. Тендерге қатысушыларды тіркеу тендер өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер өткізуге бір күн қалғанда аяқталады.

52. Тендер өткізу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін теңгерімде ұстаушы барлық ниет білдірушілер тендер өткізу объектілері мен шарттары туралы ақпарат еркін қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

1-параграф. Су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беруге арналған тендер өткізу

53. Су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беруге арналған тендерге қатысуға ниет білдіруші жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар белгіленген мерзімде:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда су шаруашылығы құрылысын сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендерге қатысуға арналған өтінім;

2) жарғының көшірмесін (бар болған кезде);

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы немесе анықтама көшірмесін;

4) тендерге қатысушының қаржылық және техникалық мүмкіндіктерін, біліктілігін растайтын құжаттарды;

5) жеке жапсырылған конвертте су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану мен су беру жөніндегі қызметтерді көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі бизнес-жоспарын;

6) салықтық берешегі жоқ екені туралы анықтамасын;

7) кепілдік жарнасын енгізгендігін растайтын төлем құжатының көшірмесін ұсынады.

54. Тендерге қатысушы ретінде тіркеуден бас тартуға:

1) осы Қағидалардың 55 тармағында көзделген құжаттардың толық жиынтығының ұсынылмауы;

2) мемлекеттік бюджет алдында салықтық берешегінің болуы;

3) тендер шарттарында белгіленген талаптарды бұза отырып құжаттар ұсынуы негіз болып табылады.

55. Тендерге қатысушы:

1) тендерге өзі немесе тиісті түрде ресімделген сенімхат негізінде өз өкілдері арқылы қатысады;

2) тендерге қойылатын су шаруашылығы құрылыстары бойынша қосымша мәліметтерді, нақтылауларды тегін алады;

3) су шаруашылығы құрылыстарын алдын ала қарап-тексереді;

4) бұл туралы тендер комиссиясына ол өткізілерден үш жұмыс күні бұрын жазбаша түрде хабарлап, тендерге қатысуға өз өтінімін қайтарып алады.

56. Егер өтінім қабылдау мерзімі аяқталар сәтте (үшінші және одан кейінгі тендерлерді қоспағанда) бір өтінімнен артық тіркелмесе, тендер өтпеді деп танылады.

57. Тендер өткізілетін күні оның отырысында комиссия мүшелері тендерге қатысушылардың ұсыныстары бар конверттерді ашады және олардың ұсыныстарын жария етеді.

Конверттерді ашу және ұсыныстарды жария ету кезінде тендерге қатысушылар немесе олардың уәкілетті өкілдері қатысады.

58. Конверттер ашылғаннан және ұсыныстар жария етілгеннен кейін тендер комиссиясы ұсыныстарды талқылау мен оларды бағалау үшін кеңесуге кетеді.

Тендерге қатысушылар (олардың өкілдері) ұсыныстарды талқылау мен оларды бағалауға қатыспайды.

Конкурстық өтінімдер бар конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде конкурс қорытындысы шығарылады.

59. Тендердің жеңімпазы комиссияның шешімі бойынша ұсынысы тендерді жариялау туралы хабарламадағы барлық талаптарға жауап беретін және тендер шарттарын орындау бөлігінде ең жақсысы болып табылатын, жеңімпазды таңдау критерийлеріне сәйкес келетін қатысушы болып табылады.

60. Су шаруашылығы құрылысын сенімді басқаруға беруге арналған тендер жеңімпазын таңдау критерийлері жеңімпаздың біліктілік мәліметтері, су шаруашылығы құрылыстарын күтіп-устау және пайдалану жөніндегі техникалық және қаржылық мүмкіндіктері болып табылады.

2-параграф. Су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беруге арналған тендер нәтижелерін ресімдеу

61. Тендерлік комиссияның тендер жеңімпазын айқындайтын қорытындысы немесе тендер қорытындысы бойынша өзге шешім осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес су шаруашылығы құрылысын сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендер нәтижелері туралы хаттамамен ресімделеді.

Ерекше пікірі болған кезде, тендерлік комиссияның мүшесі оны жазбаша баяндайды және хаттамаға қоса береді.

Тендердің жеңімпазын анықтайтын хаттамаға тендерді жеңіп алған тұлға да қол қояды.

62. Тендер нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі тендер қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде жеңімпазға беріледі және оның сенімгерлік басқару шартын жасасуға құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

63. Тендер нәтижелері туралы хаттама негізінде тендерге қатысу кезінде мәлімделген ұсыныстарға жауап беретін талаптармен жеңімпазбен сенімгерлік басқару шарты жасалады.

64. Жеңімпаз тендерге қатысу кезінде мәлімделген ұсыныстарға жауап беретін талаптармен шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, тендер комиссиясы қалған тендер қатысушылары ішінен (егер қалғандар екеуден кем болмаса) жеңімпазды айқындайды не жаңа тендер өткізу туралы шешім қабылдайды.

65. Мынадай жағдайларда:

1) егер тендерге қатысушы өз ұсынысынан бас тартса немесе оны тендер мерзімі өткенге дейін өзгертсе;

2) тендерге қатысу кезінде мәлімделген ұсыныстарға жауап беретін талаптармен тиісті шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, тендер жеңімпазына кепілдік жарнасы қайтарылмайды.

Барлық басқа жағдайларда кепілдік жарнасы тендер қатысушысы берген кепілдік жарнасын қайтару туралы өтініш осы қатысушының деректемелерін көрсете отырып берілген күннен бастап банктік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде қайтарылады, ал тендердің жеңімпазына кепілдік жарнасы шартқа қол қойылған күннен бастап банктік он күн ішінде қайтарылады. Кепілдік жарналарын қайтару туралы тендерге қатысушылардың өтініштері сенімді басқару құрылтайшысының есебіне жарналар түскеннен кейін қабылданады.

66. Тендер жеңімпазымен шарт тендер хаттамасына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жасалады.

Су шаруашылығы құрылыстарын
жалға және сенімгерлік басқаруға
беру қағидаларына
1-қосымша

Нысан

**Су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру
бойынша тендерге қатысуға
ӨТІНІМ**

1. Су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру туралы жарияланған хабарламаны қарап және су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру қағидаларымен танысып, _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы

және заңды тұлғаның басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің тегі,

аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ жылғы " __ " _____ болатын тендерге қатысуға ниет білдіреді.

2. Мен (біз) сауда-саттыққа қатысу үшін _____ (жалға беруші көрсетіледі)

_____ депозиттік шотына жалпы сомасы _____

—

(цифрмен)

(_____) теңге ____ кепілдік жарнаны (жарналарды) енгіздім (к).

(сома жазбаша)

ЖСК № _____, БСН _____,

төлем тағайындау коды _____, Кбе _____, мекеме коды _____

Кепілдік жарнасы енгізілген мүліктік жалдау (жалға алу)

объектілері туралы мәлімет:

№	Жалға беру объектісінің атауы	Аударуға жататын кепілдік жарнасының сомасы, теңге
1		
2		
	Жиыны	

Енгізілген кепілдік жарналар туралы мәлімет:

№	Кепілдік жарнасының тағайындалуы және тендерге қатысу үшін кепілдік жарнасы енгізілген мүліктік жалдау (жалға алу) су шаруашылығы объектісінің атауы	Төлем құжатының №	Төлем құжатының күні	Кепілдік жарнаның сомасы, теңге
1				
2				
	Жиыны			

3. Тендерге қатысушыға (жалға алушыға) қойылатын талаптарға менің (біздің) сәйкес емес екенім (із) анықталған жағдайда, мен (біз) тендерге қатысу құқығынан айырылатынына (ымызға), мен (біз) қол

қойған тендер нәтижелері туралы хаттама және жалға беру шарты жарамсыз деп танылатынына келісемін (із).

4. Егер мен (біз) тендер жеңімпаз (дар)ы деп танылған жағдайда өзіме (өзімізге) тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қою және хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жалға беру шартына қол қою міндеттемелерін аламын (мыз).

5. Мынадай:

1) тендер мерзімі өткенге дейін өз ұсынысынан бас тартқан немесе оны өзгерткен;

2) белгіленген мерзімде жалға беру шартына қол қояудан бас тартқан;

жағдайларда мен (біз) енгізген кепілдік жарна сомасы қайтарылмайтынына және жалға берушіде қалатынына келісемін (міз).

6. Осы өтінім тендер нәтижелері туралы хаттамамен бірге мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарт күшіне ие.

7. Өзім (із) туралы мынадай:

Занды тұлғалар үшін:

Атауы _____

БСН _____

(басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банк деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____

Жеке тұлғалар үшін: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)):

ЖСН _____

Паспорт деректері _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банк деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____

_____ (қолы) (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның

атауы және заңды тұлғаның басшысының немесе заңды тұлғаның сенімхат негізінде әрекет

ететін өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ ж. " __ " _____.

Мөр орны

Су шаруашылығы құрылыстарын
жалға және сенімгерлік басқаруға
беру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

**Су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру жөніндегі тендер
нәтижелері туралы хаттама**

_____ жыл мерзімге _____

—

_____ (объектінің атауы)

Тендер өткізілетін күн: 20__ жылғы " __ " _____

Тендер өткізілетін орын: _____

Жалға беруші: _____

Жалға берілетін объекті бойынша деректер: _____

(су шаруашылығы құрылыстарының толық сипаттамасы көрсетіледі)

Жалға берілетін объектің орналасқан жері: _____

(облыс, аудан)

Су шаруашылығы құрылыстарының баланстық құны: _____

Тендерге қатысушылар туралы мәліметтер мен олардың ұсыныстары:

1) _____

2) _____

3) _____

Тендер нәтижелері:

1. Тендердің жеңімпазы: _____

(тендер жеңімпазы деп танылған Қатысушы көрсетіледі)

2. Тендер шарттары және Тендер жеңімпазының ұсыныстары:

1) _____

2) _____

3) _____

4) _____

Тендердің нәтижелері туралы осы хаттама хаттамаға қол
қойылғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей Тендер жеңімпазы
мен Жалға беруші жалға беру шартын жасасу міндеттемесін тіркейтін
құжат болып табылады.

(тендердің нәтижелерімен және Тендер жеңімпазының міндеттемелерімен
танысу туралы

Тендер жеңімпазы деп танылған Қатысушының уәкілетті адамының өз
қолымен қойған белгісі
көрсетіледі)

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басты куәландыратын құжатта болған жағдайда)

20__ жылғы " __ " _____

(күні) (қолы)

Осы хаттама Жалға беруші мен Тендер жеңімпазы үшін бір-бірден

екі данада жасалған.

Комиссия төрағасы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда))

Комиссия төрағасының орынбасары: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда))

Комиссия мүшелері: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда))

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда))

Комиссия хатшысы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда))

Су шаруашылығы құрылыстарын
жалға және сенімгерлік басқаруға
беру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

**Су шаруашылығы құрылысын сенімгерлік басқаруға беру
жөніндегі тендерге қатысуға
ӨТІНІМ**

1. _____

(объектінің атауы)

мерзімге сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендер өткізу туралы жарияланған ақпараттық хабарламаны қарап және Су шаруашылығын құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру қағидаларымен таныса отырып, мен, өтінімге қол қоюға уәкілетті, төменде қол қоюшы атынан

(тегі, аты, әкесінің аты, толығымен, не заңды тұлғаның атауы)

(атынан өтінім беріліп отырған Қатысушы көрсетіледі)

тендерге қатысуға өтінімді қабылдауды және 20__ жылғы "___" _____

мекенжай

бойынша өтетін тендерге қатысушы ретінде тіркеуді сұраймын.

2. Біз (мен) _____ сомасында
(сомасы теңгемен, сондай-ақ жазумен көрсетіледі)

тендерге қатысу үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің депозиттік шотына
немесе ақпараттық хабарламада көрсетілген жергілікті атқарушы
органның (бұдан әрі - ЖАО) депозиттік шотына: _____

(ЖСН (БСН) төлемді тағайындау коды, Кбе, мекеменің коды)
кепілдік жарна енгіздік (енгіздім).

3. Біздің (менің) тендерге қатысушыға қойылатын талаптарға
сәйкес еместігіміз (м) айқындалған жағдайда, біз (мен) тендерге
қатысу құқығынан айырылатынымызға (ма), біз (мен) тендерде жеңіске
жеткен жағдайда біз (мен) қол қойған Тендердің нәтижелері туралы
хаттама мен Сенімгерлік басқару шарты жарамсыз деп танылатынына
келісемін (міз).

4. Егер біз (мен) тендерге тендердің жеңімпазы болсақ, өзімізге
Тендердің нәтижелері туралы хаттамаға қол қою және хаттамаға қол
қойылғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, ақпараттық
хабарламада көрсетілген және біз (мен) ұсынған тендердің шарттарында
Сенімгерлік басқару шартын жасасу міндеттемесін аламыз.

5. Мынадай:

тендер мерзімі өткенге өз ұсынысынан бас тартқан немесе оны
өзгерткен; тендерге қатысу кезінде мәлімделген ұсыныстарға жауап
беретін жағдайларда шарт жасасудан бас тартқан; жағдайларда біз
енгізген кепілдік жарна сомасы қайтарылмайтынына және сенімгерлік
басқару құрылтайшысында қалатынына келісемін (міз).

6. Осы өтінім Тендердің нәтижелері туралы хаттамамен бірге
Сенімгерлік басқару шартын жасасуға дейін қолданылатын шарт күшіне

ие.

7. Өтінімге:

1) _____

2) _____

3) _____ қоса беріліп отыр.

8. Төлем деректемелері: _____

(бенефициар-банктің деректемелері: банктің атауы, ЖСН (БСН)

_____ (алушының деректемелері: атауы, ЖСН (БСН), Кбе, ағымдағы шот)

9. Тендерге қатысушының толық атауы (заңды тұлғаның немесе жеке басты куәландыратын құжаттың) және жеке тұлғаның паспорттық деректері мен тұрғылықты жері (мекенжайы, телефон, факс және т.б.)

_____ (қолы) (сенімхаттың негізінде әрекет ететін уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты).

20__ жылғы "___" _____

мөр орны

Су шаруашылығы құрылыстарын
жалға және сенімгерлік басқаруға
беру қағидаларына
4-қосымша

Нысан

**Су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беру
жөніндегі тендер нәтижелері туралы хаттама**

_____ жыл мерзімге _____

_____ (объектінің атауы)

Тендер өткізілетін күн: 20__ жылғы "___" _____.

Тендер өткізілетін орын: _____

Сенімгерлік басқару құрылтайшысы: _____

_____ Сенімгерлік басқару объектісі: _____

(су шаруашылығы құрылыстарының толық сипаттамасы көрсетіледі)

Сенімгерлік басқару объектісінің орналасқан жері: _____

(облыс, аудан)

Су шаруашылығы құрылыстарының баланстық құны: _____

Тендерге _____

(_____) қатысушы
қатысты.

(саны, оның ішінде жазумен)

Тендер нәтижелері:

1. Тендердің жеңімпазы: _____

(тендер жеңімпазы деп танылған Қатысушы көрсетіледі)

2. Тендер шарттары және Тендер жеңімпазының ұсыныстары:

1) _____

2) _____

3) _____

4) _____

Тендердің нәтижелері туралы осы хаттама хаттамаға қол
қойылғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей Тендер жеңімпазы
мен Сенімгерлік басқару құрылтайшысының сенімгерлік басқару шартын
жасасу міндеттемесін тіркейтін құжат болып табылады.

(тендердің нәтижелерімен және Тендер жеңімпазының міндеттемелерімен
танысу туралы

Тендер жеңімпазы деп танылған Қатысушының уәкілетті адамының өз
қолымен қойған белгісі
көрсетіледі)

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басты куәландыратын құжатта болған жағдайда)

20__ жылғы " __ " _____

(күні) (қолы)

Осы хаттама Сенімгерлік басқару құрылтайшысы мен Тендер
жеңімпазы үшін бір-бірден екі данада жасалған.

Комиссия төрағасы: _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған
жағдайда)

Комиссия төрағасының орынбасары: _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған
жағдайда)

Комиссия мүшелері: _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған
жағдайда)

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған
жағдайда)

Комиссия хатшысы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған
жағдайда)